

Республика ұланының қарыздары бойынша есептеме жүргізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 14 қазан N 1261

Республика ұланының мердігерлік ұйымдарға жөндеу-құрылыс жұмыстарын орындағаны үшін берешегін қысқарту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі Қаулы Етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

республикалық бюджет пен Республика ұланы үшін жөндеу-құрылыс жұмыстарын орындаған мердігерлік ұйымдардың төлемдер бойынша республикалық бюджетке жалпы сомасы 10494 (он миллион төрт жүз тоқсан төрт мың) теңге берешегі арасында оны қосымшаға сәйкес республикалық бюджеттің кіріс және шығыс бөліктерінде көрсете отырып есептеме жүргізісін;

аталған соманы қосымшада көрсетілген мердігерлік ұйымдарға жөндеу-құрылыс жұмыстарын орындағаны үшін кредиторлық берешегін өтеуге Республика ұланын қаржыландыру есебіне есептесін.

2. Қазақстан Республикасының Республика ұланы қосымшада көрсетілген мердігерлік ұйымдарға орындаған жөндеу-құрылыс жұмыстары үшін кредиторлық қарызын қаржыландыру кезінде бюджеттен бөлінетін қаражат есебіне есептесін.

3. Қосымшада көрсетілген мердігерлік ұйымдар Қазақстан Республикасы Республика ұланының дебиторлық қарызын республикалық бюджетке төлемдері бойынша кредиторлық қарызын өтеу есебінен есептесін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 1996 жылғы
"14" қазандағы
N 1261 қаулысына
қосымша

Мердігерлік ұйымдардың және олардың орындалған

жөндеу-құрылыс жұмыстары үшін Республика
ұланының кредиторлық қарызы есебіне есептемеге
қабылданатын республикалық бюджетке төлемдері
бойынша берешектерінің
ТІЗБЕСІ
теңге

і "Алматыоблтяжстрой" і Төлем түрлері бойынша і
і акционерлік қоғамы і республикалық бюджетке іЖиыны
N і мердігерлік салық і берешек сомасы і
р\сітөлеушілерінің-қосалқы _____ і
і ұйымдарының атауы іҚосылған күнғаіЗаңды тұлғалардані
і і салынатын і алынатын табыс і
і ісалық бойынша і салығы бойынша і

1	"Қайнар" ШМК		229841	229841
	"Алатау" фирмасы	728200	1189933	1918133
2	"Құрылыс материалдары"			
	акционерлік қоғамы	2905003		2905003
3	"Алматыстройтранс" АҚ	502049	849969	1352018
4	АМБ "ОАЭМ АҚ"		616710	616710
5	"Алматыинжстрой"	3472474		3472474
	Жиыны	7607726	2886453	10494179

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК